РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ

# ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ

№5-2024



Ақтөбе қаласы
№32 "Қуаныш" балабақшасы МКҚК
Меңгеруші **Лекерова Рима Амангалиевна**

Сканировано с CamScanner

# 2024
# №5 (97)

## Мазмұны

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелері**

**Боташова У.** Балабақша мен отбасы арасындағы байланыс және бала тәрбиесіндегі балабақшаның рөлі ....2

**Жолаушыбаева Л.** Баланы «таяқсыз» да тәрбиелеуге болады....6

**Адильханова А.** Ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шаралары....8

**Әдістеме. Іс-тәжірибе**
**Методика. Опыт**

**Аяпбергенова И.** Ғарыш әлемі....10

**Балмағамбетова А.** Дыбыстарға сәйкес суреттерді табу....11

**Қали К.** Әжемізде қонақта....12

**Мамбеткулова Э.** Сандар сыры....13

**Орынбаева Г.** Күзгі ағаштар....14

**Мұрат Ұ.** Күзгі еңбек....15

**Калданова Р.** Біз нені үйрендік? Нені білдік?....16

**Сисенбайқызы М.** В гости к Мишке.... 18

**Сандықша**

**Шабакова Г.** Асық – алтын қазына....20

**Бимаханова Б.** Асықатты балақай, алшы түсті, алақай!....21

**Аетова Л.** Ғажайып сандықша....22

**Камыспаева Г.** До свидания, детский сад!....23

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары....26

**Педагогикалық сағат**

**Сүйінбаева Ж.** Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруда халық ауыз әдебиетін тиімді пайдалану....30

**Бимашева Ф.** Балабақша – тәрбие ортасы....31

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ/ ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ**

*Республикалық педагогикалық журнал/ Республиканский педагогический журнал*

Журнал 2011 жылдың ақпан айынан бастап шыға бастады.

Журнал Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттігінде 2010 жылы 16 тамызда есепке тіркеліп, № 11064-Ж куәлігі берілген.

23.12.2021 қайта тіркеуден өтіп, №KZ89VPY00044405 қайта тіркеу куәлігі берілген
**Меншік иесі: "Эверест-Пресс" ЖШС**

02.02.2024 қайта тіркеуден өтіп, №KZ33VPY00086929 қайта тіркеу куәлігі берілген
**Меншік иесі: "Педагогика-Пресс" ЖШС**

**Директор, бас редактор:**
Жамбы Нурбекова

**Редакцияның мекен-жайы:**
050002
Алматы қаласы, Л. Хамиди көшесі
4а-үй, 3-қабат, 11-офис.
**Телефоны:** 8 (727) 397-73-84
**E-mail:** doshkolnik_kaz@mail.ru
doshkolnik_rus@mail.ru

**Басылатын жері:**
"Педагогика Пресс"
ЖШС баспаханасы
Алматы қаласы
Сүйінбай көшесі 55
Телефоны: 8 (727) 397-73-84

© "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту/Дошкольное воспитание и обучение" 5 2024, 1-32. Алматы.



Сканировано с CamScanner

**Аетова Лидия Тагмасовна,**
*Ақтөбе қаласы*
*№32 «Күншуақ» балабақшасы МККК*

# ҒАЖАЙЫП САНДЫҚША

**Өткізу формасы:** музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекет

**Міндеттері:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдай білуге үйрету, музыканың сипатын түсіну, ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету, музыкамен жүру мен жүгірудің ырғақты қимылдарын орындау, балаларға музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындату

*Балалар көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен ән залына кіреді.*

*(Қол соғып, аяқтарын кезекпен басу арқылы бірнеше ырғақты қимылдар жасайды)*

**Музыка жетекшісі:** Хош келдіңдер, менің кішкентай достарым! Көңіл күйлерің қалай, жақсы ма?

– Қане, балалар, бәріміз бір-бірімізге жылуымызды сыйлап, музыкалық тілде амандасып алайық.

**Ғажайып сәт**

*(Жетекші сандықшаны көріп қалады)*

– Балалар, қараңдаршы, мына жерден сандықша тауып алдым. Қане, мен ашып көрейін, ішінде не бар екен?

Аша алмадым, балалар. Мүмкін дыбыстар шығарып шулау керек шығар.

Қане, кәне, қураған жапырақтар қалай шулайды?

Тамшылар қалай дыбыстайды?

Жел тұрғанда қалай ән салады?

Қане, кішкене отырып демалып алайық. Бір әдемі музыка естіледі. Бұл не болды екен, кім болды екен? Қане, тыңдайықшы, балалар.

*(Музыка тыңдау)*

*«Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев*

– Әдемі әуен екен, балалар, маған өте ұнады естіліп тұр.

Сендерге ұнады ма әуен ырғағы?

– Естіліп тұрған әуен ырғағы қалай екен, баяу ма, тез бе?

– Көңілді ме, көңілсіз бе?

– Ой, балалар, керемет бұл әуен Музыка ханшайымының әуені екен ғой. Міне, өзі де келіп қалды.

Хош келдіңіз, келгеніңіз жақсы болды! Мына сандықшаны тауып алған едік, аша алмай жатырмыз. Көмектесіңізші!

**Ханшайым:** Әрине, көмектесемін. Бұл менің сандықшам ғой. Ал мен болсам оны таба алмай жүрмін. Ал, қане, сандық ашылу үшін көңілді ән салып беріңдер. Алдымен, балалар, ән айту үшін әуендер аймағына қарай ету керек болады. Ал сендер дайынсыңдар ма? Қане, кеттік.

*Ырғақты қимылдар жаттығуы (Дене шынықтыру және тыныс алу жаттығулары)*

**Ханшайым:** Міне, балалар, әуендер аймағына да келіп жеттік. Сендерге ұнап жатыр ма?

**Музыка жетекшісі:** Ой, балалар, қараңдаршы, мына жер де өте әдемі екен. Қараңдаршы, кішкентай әншілер ұйықтап жатыр екен. Қане, біз оларды үрлеп оятайық.

*(Балалар тыныс алу жаттығуын орындайды)*

*Ән салу: «Бала, бала, балақан»*

*(Сиқырлы музыка ойналып, сандықша ашылады)*

**Ханшайым:** Жарайсыңдар, балалар! Сендер әнді өте керемет орындайды екенсіңдер. Рахмет сендерге!

Міне, менің сандықшам да ашылды. Балалар, сендер ойнағанды жақсы көресіңдер ме?

**Музыка жетекшісі:** Балалар, қазір біз Ханшайыммен бірге көңілді «Көңілді саусақтар» ойынын ойнаймыз. Ол үшін мына сандықшадан шашақты қолшатырларды алу керек болады. – Ой, керемет! Рахмет сізге, Ханшайым!

Қане, балалар, әсемдеп көрейік.

**Ханшайым:** Сандығымның ішінде сендерді қызықтыратын тағы не бар екен, қарайықшы. О-о-о, мынау менің қолшатырым ғой. Балалар, сендер серуенге шыққанды жақсы көресіңдер ме?

**Музыка жетекшісі:** Ендеше келе қойыңдар, шеңбер бойына тұра қойыңдар.

**Ханшайым:** Ал мен сиқырлы қолшатырымды айналдырайын.

Қолымдағы бұл шатыр –
Таңғажайып қолшатыр



Айналдырдым шатырды
Ішінен жапырақ шашылды

**Музыка жетекшісі:** Балалар, мына шашылған жапырақтарды қолымызға алып, әуен ырғағына еріп менімен бірге қайталайсыңдар. Ал егер жаңбырдың дыбысын естісек, жапырақтың астына жасырынамыз.

**Ойын: «Көңілді жапырақтар» (Ойын және би ырғақтары)**

**Ханшайым:** Қандай керемет балалар! Жарайсыңдар, сендер өте ақылды және өнерлі балалар екенсіңдер. Рахмет сендерге, мен өте риза болып тұрмын. Сандықшамнан сендерге музыкалық тәттілерді сыйға тартамын.

**Камыспаева Гульмира Орынбековна**
*г. Алматы*
*Ясли-сад №178*

# ДО СВИДАНИЯ, ДЕТСКИЙ САД!

**Цель:** создание праздничного настроения у детей и родителей для прощания с детским садом. Развивать творческие, музыкальные способности. Воспитывать уважение к персоналу детского сада

*В зал под музыку входит воспитатель*

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Здравствуйте, дорогие наши гости! Сегодня у нас торжественный и в то же время волнительный праздник. Сегодня дети группы «Қарлығаш» прощаются с детским садом!

Пусть звуки вальса зазвучат, ведь в гости к нам сюда спешат

Встречайте! Выпускники 2024 года!

*Под музыку и аплодисменты дети входят в зал и останавливаются лицом к гостям*

**1-ребенок:**
Здравствуйте, мамы, папы и гости!
Здравствуй, детсад наш родной!
Мы с нетерпеньем, особым волненьем
Ждали наш праздник большой!

**2-ребенок:**
Праздник для нас очень важный сегодня,
День выпускной настает.
Жаль, что уходим из детского сада,
Осенью школа нас ждет!

**3-ребенок:**
День сегодня необычный
Замечательный, отличный
Причина этому одна: помаши каждому она

**4-ребенок:**
Очень скоро, очень скоро
Мы пойдем учиться в школу
И пожелать уже пора
Нам «Ни пуха, ни пера!»

**5-ребенок:**
Детство здесь наше прошло
Здесь нам дарили тепло
Мы расстаемся с тобою
Садик наш милый, родной!

*Песня «Куда уходит детство»*

**Ведущая:**
Вы выросли большими
Пойдете в первый класс
Станцуйте же на прощанье
Сегодня вальс для нас!



Сканировано с CamScanner